



**ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!**



САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ

2026 жылғы 10 тамызда Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Мұхтар Ерман Жамбыл облысына жұмыс сапары барысында өңірдегі сайлауға дайындық барысымен танысып, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының жұмысын зерделеді.

Жұмыс сапарының негізгі мақсаты – 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауын ұйымдастыру және өткізуге өңірдің дайындығын бағалау, сайлау комиссияларының жұмысын, сондай-ақ, сайлау процесіне қатысушылардың даярлық деңгейін және сайлау учаскелерінің әзірлігін жергілікті жерде зерделеу.

Сапар барысында сайлау процесінің негізгі бағыттары – учаскелік сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастыру, комиссия мүшелерін оқыту, сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық дайындығы, жаңадан құрылған сайлау учаскелерінің жұмысы, цифрлық технологияларды пайдалану және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл мәселелері қамтылды.

Сайлау учаскелерінің дайындығы зерделенді

Әуелі Мұхтар Тілдабекұлы жұмыс сапарын Тараз қаласының білім бөлімінің Керімбай атындағы №12 мектеп-гимназиясы ғимаратында орналасқан №58 сайлау учаскесінің жұмысымен танысудан бастады.



Мұхтар Ерман учаскелік сайлау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру барысын қарап, сайлау учаскесінің алдағы сайлауға дайындығына назар аударды.

№58 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Киял Абитова сайлау учаскесінің сайлауға дайындығы, комиссия мүшелерінің дайындығы және учаскеде сайлау процесін тиісті деңгейде ұйымдастыруға бағытталған жұмыстар туралы баяндады.

Сонымен қатар, учаскеде дауыс берушілер үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, сайлау рәсімдерін

колданыстағы заңнама талаптарына сәйкес өткізу және комиссия мүшелерінің өз міндеттерін сапалы орындауға әзірлігі жөнінде ақпарат берілді.

Сапар барысында сайлау учаскесінде дауыс берушілер үшін қолайлы жағдай жасау, сайлау рәсімдерін сапалы ұйымдастыру, комиссия мүшелерінің өз міндеттерін білуі және сайлау заңнамасының талаптарын сақтау мәселелерінің маңыздылығы атап өтілді.

→ 3

СҰХБАТ



СПОРТ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ

Жыл сайын елімізде тамыз айының үшінші жексенбісі Спорт күні ретінде мерекеленеді. Қоғамды достыққа, бауырластыққа үндейтін спорт – елдіктің белгісі, мемлекеттің мәртебесі. Атаулы күн қарсаңында аудан әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Сағынбек Бестерекөвпен сұхбаттасып, саланың даму бағытын сұраған едік.

– Сағынбек Қыдыралыұлы, адам өмірінде спорттың алар орны қандай?

– Адам өмірінде спорттың алар орны ерекше дер едім. «Тәні саудың – жаны сау» деп халқымыз бекерге айтпаса керек. Кез келген адам денсаулығы мықты, бәсекеге қабілетті, күш-қайраты мол болуы үшін спортпен айналысса, өз мақсатына жете алады.

→ 4



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Аса ауылындағы М.Төлебаев атындағы балалар өнер мектебінде «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында құқық қорғау органдарының өкілдері аудандағы мекеме-ұйым қызметкерлерімен кездесу өткізді.

Мақсат ЖҰМАБАЕВ



Кездесуде аудан әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру барысы туралы баяндама жасады. Мақпал Сатыбалдықызының айтуынша, «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету жөніндегі тұжырымдама аясында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі әрі жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Іс-шараның негізгі мақсаты – аудан тұрғындарының құқықтық сауаттылығын арттыру, заң талаптарын сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу, азаматтардың өз құқықтарын мен міндеттерін білуіне ықпал ету, сондай-ақ қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын кеңінен насихаттау.

«Заң мен тәртіп» қағидаты шеңберінде «Өз құқығыңды біл!», «Қоғаммен байланыс» тақырыптарында тұрғындарды жеке сұрақтарымен қабылдау өткізілді.



Айтулы шараларға аудан әкімі, құқық қорғау органдарының, мемлекеттік мекемелердің өкілдері, адвокат және нотариус мамандары қатысып, тұрғындардың құқықтық сипаттағы сауалдарына жауап қайтарып, пайдалы кеңестер берді.

Сонымен қатар жыл басынан бері түрлі бағытта 131 іс-шара, 4 жеке қабылдау өтті. Облыс прокуроры, облыстық полиция департаменті бастығының

қатысуында аудан тұрғындарымен кездесу ұйымдастырылды. Құқықтық тәрбие мен профилактикалық жұмысты күшейту мақсатында аудандық полиция бөлімінде арнайы профилактикалық кабинет ашылды.

Жастар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін сақтау мақсатында әрі «Қоғам сақшысы» республикалық акциясы аясында апта сайын түнгі профилактикалық рейдтер ұйымдастырылуда. Жыл басынан бері 23

түнгі рейд өткізіліп, тиісті әкімшілік хаттама рәсімделді. Қазіргі уақытта 12 жасөспірім есепте тұрады. 6 жасөспірім және 7 тұлға ата-аналық міндетін орындамағаны үшін есепке алынды.

Атқарылған жұмыстарды ақпараттандыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Ағымдағы жылы «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы бойынша 72 бейнеролик және 28 баннер әзірленді. Дайындалған ақпараттық материалдар ауданның әлеуметтік желілерінде, ауылдық округтердің әлеуметтік желідегі парақшаларында, аудан әкімдігіне қарасты бөлімдер мен мекемелердің, білім беру ұйымдарының әлеуметтік желідегі ресми парақшаларында жарияланды.

Ақпараттық материалдарда құқықтық сауаттылықты арттырумен қатар интернет-алайықтың алдын алу, есірткі қылмысына жол бермеу, жасөспірімдер қауіпсіздігі, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және құқық бұзушылықпен күрес мәселелеріне де назар аударылды.

Жасалған жұмыстар аудан тұрғындарының құқықтық сауаттылығын арттыруға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға, жасөспірімдер қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және қоғамда заң талаптарын сақтау мәдениетін қалыптастыруға оң ықпал етуде.

→ 2

Соңы. Басы 1-бетте

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ



Келесі кезекте сөз сөйлеген аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Максат Мадимаров: «Бүгінде ауылдық елді мекендегі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстың, құқық бұзушылықтардың алдын алу және тұрғындар мен полиция арасындағы өзара байланысты нығайту – тәртіп сақшыларына жүктелген маңызды міндет. Мемлекет басшысының «Заң мен тәртіп» қағидаты – қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды бағыты. Осы орайда аудан тұрғындарының тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында полиция тарапынан профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Атап айтқанда, қоғамдық орындардағы тәртіпті сақтау, отбасылық-тұрмыстық жанжалдардың алдын алу, жастар мен кемелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтарды болдырмау, маскүнемдікке байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуде» – десе, аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары Қуаныш Тазабеков: «Заң мен тәртіп – мемлекеттің тұрақтылығының, қоғамдағы тыныштық пен азаматтардың қауіпсіздігінің негізгі тірегі. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету – тек полицияның міндеті емес. Бұл – мемлекет пен қоғамның, әрбір отбасы мен азаматтың ортақ жауапкершілігі. Полиция қызметінің басты мақсаты – қылмыс жасалғаннан кейін оны ашу ғана емес, ең алдымен, оның алдын алу, қылмыс жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтап, оларды жою. Осы бағытта ауданымызда ерекше назар аударуды қажет ететін мәселелердің қатарында мал ұрлығы, тұрғын үйлердегі ұрлық және алаяқтық қылмыстары бар. Ауыл тұрғындары үшін мал – күнкөрістің және отбасы табысының маңызды көзі. Сондықтан малдың ұрлануы азаматтарға материалдық әрі

әлеуметтік тұрғыдан елеулі зиян келтіреді. Мал ұрлығының алдын алу полицияның ғана емес, мал иелерінің де жауапкершілігіне тікелей байланысты. Тәжірибе көрсеткендей, малдың қараусыз қалдырылуы, жайылымдардың тиісті деңгейде бақыланбауы, қора-жайлардың дұрыс жабдықталмауы, сондай-ақ малды есепке қою және бірдейлендіру талаптарының сақталмауы қылмыс жасауға мүмкіндік туғызуы мүмкін. Құқық бұзушылықтың тағы бір маңызды бағыты – тұрғын үйлерден жасалатын ұрлықтардың алдын алу. Кей жағдайда қылмысқа тұрғындардың қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтамауы себеп болады. Есікті құлыптамай кету, терезені ашық қалдыру, кілтті бөгде адамдарға беру немесе әлеуметтік желілерде ұзақ уақыт үйде болмайтыны туралы ақпарат жариялау қылмыскерлер үшін қосымша мүмкіндік туғызады. Қазіргі таңда алаяқтық қылмыстарының сипаты өзгеріп, интернет, телефон және әлеуметтік желілер арқылы жасалатын қылмыстар кең таралуда. Алаяқтар өздерін банк қызметкері, полиция қызметкері, мемлекеттік органның немесе белгілі бір компанияның өкілі ретінде таныстырып, азаматтардың сеніміне кіруге тырысады. Олардың басты мақсаты – адамды асықтыру, қорқыту немесе психологиялық қысым жасау арқылы құпия ақпаратқа қол жеткізу немесе ақша аудартуға мәжбүрлеу. Сол үшін де банк картасының деректерін, PIN-кодты, SMS-кодтарды және интернет-банкінгке кіру мәліметтерін бөгде адамдарға беруге болмайды. Күмәнді сілтемелерді ашпаңыздар және бейтаныс адамдардың нұсқауымен ақша аудармаңыздар. Жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, интернет қауіпсіздігін түсіндіру, есірткі қылмыстарының алдын алу, буллинг пен зорлық-зомбылыққа жол бермеу, бос уақытты тиімді ұйымдастыру және спорттық-

мәдени іс-шараларға тарту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру маңызды. Бұл бағытта полиция, әкімдік, Жастар орталығы, білім беру ұйымдары, ата-аналар мен қоғамдық ұйымдар өзара бірлесіп әрекет етуге тиіс. Қоғамдық қауіпсіздікті бір ғана полиция күшімен қамтамасыз ету мүмкін емес. Бізге азаматтардың қолдауы, қырағылығы және белсенді азаматтық ұстанымы қажет. Қылмыс немесе құқық бұзушылық туралы ақпаратты дер кезінде жеткізу қылмыстың алдын алуға және оның жолын тез арада кесуге мүмкіндік береді. Біздің мақсатымыз – қылмыспен күресу ғана емес, қылмыс жасауға жол бермейтін қауіпсіз орта қалыптастыру. Сіздерді заңды құрметтеуге, тәртіпті сақтауға, күмәнді әрекеттерге бейжай қарамауға және болашаққа жауапкершілікпен қарауға шақырамын», – деді. Ал, аудандық прокуратураның аға прокуроры Дінмұхамед Қадыров қатысушылардың алаяқтық қылмыстар бойынша қойған сауалдарына тұщымды жауап берді. «Заңментәртіп» идеологиясын ілгерілету жұмыстарына белсенді атсалысып жүрген бірқатар әлеуметтік жоба иелеріне марапат табысталды. Атап айтқанда, аудандық пробация бөлімінің инспекторы Жұлдыз Қалыбек, «Жастар ресурстық орталығының» жастармен жұмыс жөніндегі мамандары Мерей Есбулаева, Марат Дәуленов, аталған орталықтың заңгері Балнұр Қажығалиева, аталмыш орталық директорының орынбасары Бакытжан Кикбаев Алғыс хатпен және бағалы сыйлықпен марапатталды. Жарқын болашақ қауіпсіз әрі әділетті қоғам құрудан басталады. Қоғамның негізгі тірегі – заң мен тәртіп. Біздің азаматтық қоғамда заң мен тәртіп үстемдік құрады. Бұл – қоғамның және әрбір азаматтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Келелі кездесуден түйген пайымды ой осы.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

Қазақстанда «Заң мен тәртіп» қағидаты қоғамда әділдік пен жауапкершілікті қалыптастырудың басты бағыттарының бірі болып табылады. Бұл қағидат әрбір азаматтың заңды құрметтеп, адал еңбек етіп, өз міндетін жауапкершілікпен атқаруын көздейді. Балабақша – осы құндылықтардың іргетасы қаланатын алғашқы білім мен тәрбие ордасы.

САНАЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кері әсер ететін жағымсыз құбылыс. Онымен күресу – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында заң талаптарын сақтау, ашықтықты қамтамасыз ету және әділдік қағидаттарын ұстану ерекше маңызды. Балабақша ұжымы өз қызметінде заң мен тәртіпті басшылыққа алып, балалардың құқықтарын қорғауға, қызметтік міндеттерін адал орындауға және ата-аналармен сенімді қарым-қатынас орнатуға міндетті. Ашық жұмыс жүйесі, есептілік, ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлеріне құрметпен қарау – адалдық индеттің алдын алудың тиімді тетіктері. Сонымен қатар тәрбиеленушілердің бойына адалдық, әділдік, жауапкершілік, еңбекқорлық және отансүйгіштік қасиеттерін сіңіру маңызды. Ертегілер,

танымдық ойындар, әңгімелер мен тәрбиелік іс-шаралар арқылы балалар «адал еңбек», «заңды құрметтеу», «тәртіп сақтау» ұғымдарының мәнін ерте жастан түсіне бастайды. Ата-аналармен бірлескен жұмыстар, құқықтық сауаттылықты арттыруға арналған кездесулер мен түсіндіру шаралары да балабақшадағы жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайтады. Әрбір қызметкер өз іс-әрекетімен балаларға өнеге көрсетіп, адалдық қағидаларын күнделікті өмірде ұстануы қажет. «Заң мен тәртіп» қағидатын берік ұстану және жат құбылысқа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру – сапалы білім мен саналы ұрпақ тәрбиелеудің маңызды шарты. Адалдықты ту еткен ұжым ғана балаларға дұрыс тәрбие беріп, әділетті қоғамның берік негізін қалай алады.

Айнұр АМАНОВА,
«Жәнібек» бөбекжай-
бақшасының әдіскері.

ДІНІҢ ТҮРСЫН ДІН АМАН

ДІН МЕН ЗАҢ – КЕМЕЛ АЗАМАТТЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Қоғамдық тәртіп – ел ішіндегі тұрақтылық пен өзара сыйластықтың басты өлшемдерінің бірі. Алайда қоғамдағы тыныштық пен тәртіпті тек заң талаптарымен қамтамасыз ету жеткіліксіз. Заң адамның сыртқы әрекетін реттесе, имандылық оның ішкі дүниесіне ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, дін мен заң – қоғамдық тәртіпті орнықтыратын өзара сабақтасқан қос тірек.

Заң адамға «не істеуге болады, не істеуге болмайды?» деген нақты шекараны көрсетеді. Ал имандылық сол шекараны сыртқы бақылаудан қорыққандықтан емес, ар-ожданның талабы ретінде сақтауға үйретеді. Яғни заң – қоғам алдындағы жауапкершілікті бекітсе, иман – адамның өз-өзінің алдындағы жауапкершілігін қалыптастырады. Ар-ұятты серік еткен адам әрбір ісінің салмағын сезіп, әрекетінің өзгеге тигізер әсерін ойлайды. Ол біреудің ақысын жемеуге, өзгенің мүлкіне қол сұқтауға, әлсізге жәбір көрсетпеуге, өтірік пен өсекке жол бермеуге, аманатқа адал болуға ұмтылады. Мұндай қасиеттердің барлығы діни тәрбие аясында ғана емес, жалпы адамзаттық моральдың да өзегін құрайды. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында имандылық пен тәртіп ұғымдары ежелден қатар өрілген. «Ұят болады», «обал болады», «аманатқа қиянат жасама» деген ұғымдар халық тәрбиесінің ажырамас бөлігіне айналған. Бұл сөздердің астарында адамның тек өзіне ғана емес, айналасындағы ортаға, қоғамға жауапты екені туралы терең түсінік жатыр. Бүгінгі таңда бұл құндылықтардың маңызы одан әрі арта түсті. Қоғам өзгерген сайын адамға қойылатын талап та күшейеді. Заңды білу – азаматтық міндет болса, оны құрметтеу – құқықтық мәдениеттің белгісі. Ал заңды айналып өтпеу, өзгенің құқығына құрметпен қарау, қоғамдық мүлікке жанаңшылық таныту секілді қасиеттер адамның ішкі тәрбиесімен тығыз байланысты. Әсіресе жас ұрпақ тәрбиесінде

бұл мәселенің орны бөлек. Балаға заң талаптарын түсіндірумен қатар, оның бойына адалдық, жауапкершілік, мейірбандылық секілді адамгершілік құндылықтарын сіңіру маңызды. Себебі, құқықтық сауатты, бірақ адамгершілік құндылықтары әлсіз тұлға қоғамға толыққанды пайдасын тигізе алмайды. Ал жүрегінде иманы, бойында тәрбиесі, санасында заңға деген құрметі қалыптасқан азамат – ел тұрақтылығының берік негізі. Діннің тәрбиелік мәні де осында. Иман адамды өзгеден жоғары қоюға емес, өз мінезін түзетуге, нәпсісін тежеуге, жасаған ісіне есеп беруге үндейді. Нағыз имандылық – адамның күнделікті қарым-қатынасынан, сөзі мен ісінен, қоғамға деген көзқарасынан көрінеді. Сондықтан діннің адам тәрбиесіне, ізгілік пен жауапкершілікке баулитын қырын дұрыс түсіндірудің маңызы зор. Сонымен қатар имандылық пен заңды бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Керісінше, екеуі де қоғамдық келісім мен тұрақтылыққа қызмет етеді. Заң – баршаға ортақ тәртіптің құқықтық негізі болса, имандылық – сол тәртіпті құрметтеуге жетелейтін рухани негіз. Тәртіптің орнығуы тек жазаның күшімен емес, азаматтың санасы мен ар-ожданы арқылы жүзеге асқанда ғана баянды болады. Заңнан қорқып тәртіп сақтау – уақытша құбылыс, ал ар-ұятты ту етіп, дұрыс жолды өз еркімен таңдау – кемел азаматтықтың белгісі.

Бакыт БАКИРОВА,
Жамбыл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Соңы. Басы 1-бетте

САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ

Өңір басшылығымен сайлауға дайындық мәселелері талқыланды

Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің қабылдауында болып, кездесу барысында өңірдегі сайлау науқанына дайындықтың негізгі бағыттары талқыланды.

Атап айтқанда, сайлау комиссиялары мен жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы, сайлау учаскелерінің үздіксіз жұмыс істеуіне қажетті жағдайларды қамтамасыз ету және сайлау процесін ұйымдастыру кезінде заңнама талаптарын мүлтіксіз сақтау мәселелеріне назар аударылды.

Кездесу барысында сайлауды ұйымдастыруға жауапты тараптардың үйлесімді жұмысы сайлау процесінің сапалы әрі тиімді өтуінің маңызды шарты екені атап өтілді.

Мемлекеттік органдар өкілдерімен кеңес өткізілді

Жұмыс сапары аясында 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған ҚР Құрылтайы депутаттарының сайлауын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерімен кеңес өтті.

Кеңеске құқық қорғау, жергілікті атқарушы органдардың және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Кеңесте сайлау процесін ұйымдастырудың өзекті мәселелері қаралып, мемлекеттік органдар мен сайлау комиссияларының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мәселесіне мән берілді.

Кеңесте Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов өңірдегі сайлау науқанына дайындық жұмыстары туралы баяндады.

Оның айтуынша, облыста Құрылтай депутаттарын сайлауды әзірлеу және өткізу жұмыстары сайлау заңнамасының талаптарына және күнтізбелік жоспарға сәйкес жүргізілуде.

Серғали Айдапкелов сайлау инфрақұрылымының дайындығына тоқталып, сайлауды өткізуге облыс бойынша 532 сайлау комиссиясы жұмылдырылғанын атап өтті. Оның ішінде 12 аумақтық және 520 учаскелік сайлау комиссиясы бар. Учаскелік комиссиялардың 499-ы ашық, 21-і жабық учаске ретінде жұмыс істейді. Комиссия құрамдарында барлығы 3702 комиссия мүшесі бар. Олардың 92,4 пайызының сайлау жүйесінде тәжірибесі бар. Бүгінде комиссия құрамдарында бос орындар жоқ.

Сайлау науқанын ақпараттық сүйемелдеу жұмыстары да бекітілген күнтізбелік және медиа-жоспарларға сәйкес жүзеге асырылуда. Өңірде сайлау учаскелерінің шекаралары, комиссиялардың орналасқан жерлері, үгіт жүргізуге арналған орындар мен саяси партиялардың сайлаушылармен кездесулерінің кестелері туралы ақпараттар бұқаралық ақпарат құралдарында, аумақтық сайлау комиссиялары мен жергілікті атқарушы органдардың ресми интернет-ресурстарында жарияланған.

Сайлаушыларды ақпараттандыру мақсатында ақпараттық-күнтізбелік баннер әзірленіп, халық көп шоғырланатын орындар мен елді мекендердің ірі көшелеріне орналастырылған.

Сайлаушылар тізімдеріне қатысты жұмыстар да белгіленген



мерзімге сәйкес жүргізілуде. 2 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиялары жергілікті атқарушы органдардан сайлаушылар тізімдерін қабылдап алған. 7 тамыздан бастап азаматтарға өздері туралы деректермен танысу және сайлауға шақыру қағаздарын алу мүмкіндігі берілді. Бұл жұмыстар 12 тамызға дейін аяқталады деп жоспарланған.

Бұдан бөлек, 7 тамыздан бастап сайлаушыларға есептен шығару куәліктері беріле бастады.

Сондай-ақ, азаматтардың уақытша болатын орындарында құрылған сайлау учаскелерінде дауыс берудің өзге уақытын белгілеу мәселесі де реттелген. Мұндай учаскелердің тізбесі аумақтық сайлау комиссияларының шешімдерімен бекітіліп, сайлаушылардың назарына жеткізілген. Оның ішінде Тараз қаласында – 18, Жуалы ауданында – 2 және Қордай ауданында 1 учаске бар.

Сайлау күні учаскелерде «электрондық үкімет» порталы арқылы онлайн-сервистерді іске қосу жоспарлануда. Облыс бойынша тексеру сервисі 328, тіркеу сервисі 15 сайлау учаскесінде қолжетімді болады. Бұл жұмыстарды ұйымдастыру үшін әрбір учаскелік сайлау комиссиясынан екі комиссия мүшесінен бекітіліп, алдағы күндері оларды арнайы оқыту жүргізіледі.

С.Айдапкелов материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселесіне де тоқталды. Оның мәліметінше, облыстағы барлық 520 сайлау учаскесі талапқа сай жабдықталған. Оның ішінде мүгедектігі бар азаматтардың сайлау учаскелеріне және дауыс беру кабиналарына кедергісіз кіруі мен дауыс беруіне қажетті жағдайлар қамтамасыз етілген.

Аумақтық сайлау комиссиялары учаскелік комиссияларды қажетті заңнамалық және ақпараттық-әдістемелік материалдармен, журналдармен, брайль қарпімен дайындалған трафареттермен, кеңсе және басқа да қажетті құралдармен қамтамасыз еткен.

Сайлау комиссияларының

мүшелерін оқыту жұмыстары Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының бекіткен оқу-жоспарына сәйкес екі кезеңде жүргізілуде. Бірінші кезеңде аумақтық сайлау комиссияларының толық құрамы және учаскелік комиссиялардың басшылық құрамы оқытылса, екінші кезеңде учаскелік комиссиялардың қатардағы мүшелерін оқыту жұмыстары жалғасуда.

Бұдан бөлек, сайлау процесіне қатысатын жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, сондай-ақ мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қорғайтын қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін оқыту жұмыстары ұйымдастырылған.

Кеңесте сайлауды байқау институтының жұмысы да назардан тыс қалмады. Бүгінде Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясында сайлауды байқау жөніндегі бес өңірлік қоғамдық бірлестік аккредиттелген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы аккредиттеген халықаралық ұйымдардың, оның ішінде ЕҚЫҰ миссиясының ұзақ мерзімді байқаушылары өңірге келіп, 20 және 30 шілдеде Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының қабылдауында болған. Сайлау қарсаңында қысқа мерзімді шетелдік байқаушылардың да өңірге келуі күтілуде.

Сөз соңында Серғали Айдапкелов Жамбыл облысында Құрылтай депутаттарын сайлауды өткізуге дайындық жұмыстары белгіленген талаптар мен мерзімдерге сәйкес жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Кеңесте сайлау учаскелерінде қауіпсіздік талаптарын сақтау, сайлау процесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ұйымдастырушылық мәселелердің алдын ала шешілуі және сайлау науқаны барысында туындауы мүмкін жағдайларға дайын болу мәселелері талқыланды.

М.Ерман сайлау процесінің барлық кезеңінде заңды-

лықты, ашықтықты және ұйымдастырушылық тәртіпті қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

Сайлау комиссияларын оқытудағы цифрлық технологиялар

Жұмыс сапарының маңызды бағыттарының бірі – сайлау комиссиялары мүшелерін оқыту және олардың практикалық даярлығын жетілдіру болды.

Осы мақсатта ОСК төрағасының орынбасары Жамбыл политехникалық жоғары колледжі ғимаратында орналасқан IT алаңында болып, облыстық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Талғат Жамалов пен Тараз қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Уалихан Байдуанов IT алаңының мүмкіндіктерін таныстырды.

Жамбыл политехникалық жоғары колледжінде заманауи цифрлық жабдықтар көрсетіліп, оларды сайлау комиссиялары мүшелерін оқыту процесінде пайдалану мүмкіндіктері таныстырылды.

IT алаңының жұмысы комиссия мүшелерінің практикалық дағдыларын жетілдіруге, оқыту процесін заманауи технологиялармен қамтамасыз етуге және сайлау процесіне қатысушылардың цифрлық технологияларға қабілеттерін арттыруға бағытталған.

Сапар барысында комиссия мүшелерін оқыту кезінде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану, практикалық сабақтардың сапасын арттыру және сайлау процесінің түрлі кезеңдерін модельдеу мүмкіндіктері қаралды.

Тараз қаласының учаскелік сайлау комиссияларына арналған оқыту семинарына қатысты

М.Ерман сапар бағдарламасы шеңберінде Тараз қаласының учаскелік сайлау комиссиялары мен сайлау процесінің басқа да қатысушыларына арналған оқыту-семинарына қатысты.

Оқыту барысында сайлау комиссиялары мүшелерінің практикалық даярлығын арттыру, сайлау рәсімдерін заңнама талаптарына сәйкес орындау, сайлау құжаттарымен жұмыс істеу және дауыс беру күні туындауы мүмкін жағдайларға дайын болу мәселелері қамтылды.

Мұхтар Тілдібекұлы сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсіби дайындығы сайлауды сапалы ұйымдастырудың маңызды құрамдас бөлігі екенін және учаскелік сайлау комиссиялары деңгейінде жүргізілетін оқыту жұмыстары комиссия мүшелерінің жауапкершілігін арттырып қана қоймай, сайлаушылардың конституциялық құқықтарын іске асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Жаңадан құрылған сайлау учаскесінің жұмысымен танысты

М.Ерман жұмыс сапары барысында Тараз қаласы Жібек жолы ауданы «Бәйтерек» шағын ауданында орналасқан жаңадан құрылған №525 сайлау учаскесінің жұмысымен де танысты.

Аталған сайлау учаскесінде мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын кедергісіз

жүзеге асыруына арналған арнайы модульдік учаске ұйымдастырылған. Бұл жұмысты облыстық сайлау комиссиясының хатшысы Абылхайыр Боранбаев пен Тараз қалалық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Арын Аскарбеков таныстырды.

Аталған учаскенің негізгі ерекшелігі – ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға сайлау процесіне өз бетінше және барынша ыңғайлы қатысуына мүмкіндік беретін заманауи технологиялық шешімдердің қарастырылуы.

Атап айтқанда, модульдік учаскеге жақындаған кезде арнайы қозғалысты сезгіш құрылғы іске қосылып, азаматтарға сайлауға қатысты қажетті ақпаратты аудио форматта жеткізетін ақпараттық аудиороликтер автоматты түрде ойнатылады. Бұл әсіресе көру қабілеті бұзылған азаматтарға сайлау учаскесінің қызметі, дауыс беру тәртібі және қажетті әрекеттер туралы ақпаратты өзіне ыңғайлы форматта алуға мүмкіндік береді.

Учаске ішінде сенсорлық экранмен жабдықталған теледидарлар орнатылған. Олардың көмегімен сайлауға қатысты ақпаратты визуалды форматта алуға болады. Бұдан бөлек, сурдоаударма қызметіне тікелей қосылу мүмкіндігі қарастырылған. Яғни есту қабілеті бұзылған азаматтар қажет болған жағдайда сурдоаудармашымен қашықтан байланысып, сайлау процесіне қатысты ақпарат пен түсіндірмелерді ымдау тілі арқылы ала алады.

Осылайша, №525 сайлау учаскесіндегі модульдік шешімдер мүгедектігі бар азаматтардың сайлау процесіне қатысуына қолайлы әрі қолжетімді орта қалыптастыруға бағытталған. Бұл – сайлау учаскелерінің қолжетімділігін арттырумен қатар, әр азаматтың сайлау құқығын тең жағдайда жүзеге асыруына мүмкіндік беретін маңызды қадам.

Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Фарида Шортанбекова жаңадан құрылған учаскенің жұмысын ұйымдастыру, комиссия мүшелерінің даярлығы және сайлау процесін өткізуге дайындық барысы туралы баяндады.

Жаңа сайлау учаскесінің жұмысын алдын ала зерделеу оның сайлау күніне дейін толыққанды әзірлігін қамтамасыз етуге, ұйымдастырушылық мәселелерді уақтылы анықтауға және қажетті шешімдерді жедел қабылдауға мүмкіндік береді.

Жұмыс сапарын қорытындылаған М.Ерман сайлау комиссияларының кәсіби даярлығын одан әрі арттыру, сайлау учаскелерінің дайындығын қамтамасыз ету және мемлекеттік органдар мен сайлау комиссияларының өзара іс-қимылын күшейту қажеттігін, сонымен қатар, сайлауды ұйымдастырудың барлық кезеңінде заң талаптарын сақтау, сайлаушылардың құқықтарын және сайлау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету негізгі басымдықтардың бірі екенін атап өтті.

Сонымен қатар, Орталық сайлау комиссиясы тарапынан сайлау комиссияларының қызметін жетілдіруге, олардың кәсіби даярлығын арттыруға және сайлау процесін ұйымдастырудың тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар жалғаса беретінін жеткізді.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы.

Соңы. Басы 1-бетте

СПОРТ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ



Өйткені, спорт адамды тәртіпке, ерік-жігерге, төзімділікке және жауапкершілікке тәрбиелейді. Адамның мінезін шыңдап, максатқа жетуге және уақытты дұрыс пайдалануға үйретеді. Бір сөзбен айтқанда, спорт – тәрбиенің пәрменді құралы.

– Мемлекет тарапынан спортты дамытуға айрықша көңіл бөлініп отырғаны белгілі. Осы бағыттағы жұмыстың нәтижелеріне тоқталсаңыз.

– Расында, елімізде спортты дамыту мен насихаттауға айрықша мән беріліп, мемлекет барынша көп азаматтың, әсіресе, жастардың спортпен айналысуына жан-жақты қолдау көрсетіп келеді. Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында спорттық инфрақұрылымды дамыту бағытындағы ауқымды жобалар сәтімен жүзеге асырылып жатыр.

Қазіргі таңда ауданда 117 спорт нысаны халық игілігіне қызмет

көрсетеді. Олардың қатарында орталық стадион, спорт кешендері, теннис корты, үлкен және шағын футбол алаңдары, волейбол мен баскетбол алаңшалары, сондай-ақ стритворкаут алаңдары бар. Соның нәтижесінде аудан тұрғындарының 45,3 пайызы тұрақты түрде дене шынықтырумен және спортпен айналысады.

Биыл Тастөбе ауылындағы жаңа спорт кешені пайдалануға беріледі. Айшабибі, Рахат, Жасөрген, Ащыбұлақ, Ернарар, Аса елді мекендеріндегі футбол алаңдары жөнделіп, жаңа балалар ойын алаңдары орнатылды. Бұл жұмыстар ауыл балаларының спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасап қана қоймай, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етеді.

– Жергілікті тұрғындардың спорт нысандарына қолжетімділігі туралы айтсаңыз.

– Бүгінде адамдар спортпен шұғылданудың денсаулыққа да, бала тәрбиесіне де пайдалы екенін жақсы түсінеді. Спортпен айналысатын жасөспірімдер жаман әдеттерден алшақтайды және олардың болашағы зор. Сондықтан да салауатты өмір салтын ұстану бағытында аудандағы барлық спорт нысандары мен мектептердің спорт залдары кешкі мезгілде арнайы бекітілген кесте бойынша тұрғындарға қолжетімді. Қолжетімділік кестесі аудандық «Шұғыла-Радуга» газетіне және әлеуметтік желілерге жарияланған.

– Спорттық іс-шаралар

мен жеткен жетістіктер туралы хабарлар етсеңіз.

– Бекітілген жоспарға сәйкес жыл басынан бері жалпы саны 280 спорттық іс-шара ұйымдастырылды. Оның 153-і – бұқаралық спорттық іс-шаралар. Барлығы 10180 адам қамтылды. Жеткен жетістіктер де аз емес. Спортшыларымыз облыс біріншілігінен 13 медаль, ел біріншілігінен 3 медаль еншіледі.

– Балалар мен жасөспірімдерді спорттық үйірмелерге тарту қалай жүріп жатыр?

– Жаксы. «Damubala» жобасы арқылы балалар мен жасөспірімдерді спорттық үйірмелерге тарту бойынша 3 кәсіпкермен жұмыстар үйлестірілуде. Ащыбұлақ ауылындағы «SAMGA» спорт үйірмесінде – 117 бала, Айшабибі ауылындағы «Ералы» спорт үйірмесінде – 57 бала, Гродеково ауылындағы «Таймас» спорт үйірмесінде 45 бала жаттығуда.

– Мерекелік ләбізініз?

– Қадірлі спортсүйер қауым! Құрметті спортшылар мен сала мамандары! Жамбыл спортының мәртебесін көтеруге қосқан үлестеріңіз үшін баршаңызға шынайы алғысымды білдіремін. Спорттағы жетістігіміз бен жеңісіміз азаймасын. Алдағы дүбірлі додаларда жүлделі орындардан көріне беріңіздер. Кәсіби мереке – Спорт күні құтты болсын! Жамбыл спорты жасай берсін!

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ.

ӨМІРІ – ӨНЕГЕ

Саналы ғұмырын өскелең ұрпақтың тәрбиесіне арнап, спорт саласының дамуына үлес қосқан арда азаматтардың бірі – ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, дене тәрбиесі мен спортқа еңбек сіңірген қайраткер, Жамбыл облысының спорт ардагері және белсенді қоғам өкілі Тамдыбек Арызбаев. Ол – кейінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай тұлға.

Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған



Тамдыбек Арызбайұлы 1944 жылдың 1 сәуірінде Өрнек ауылында дүниеге келген. Әкесі Арызбай ақсақал колхозда қойшы болған. Жасының ұлғаюына байланысты әскерге алынбаған. Соғыс басталғанда ол кісі 53 жастағы қария. Бірақ өмір бойы колхоздың малын бағып, еселі еңбегімен Жеңісті жақындатуға үлес қосқандардың бірі. Арызбай ақсақалдың өмірлік жары – Ұлжан апа көп құрсак көтерген кісі. Солардан тірі қалғандары – Пернекүл мен Тамдыбек. Құдайдың мұнысына да шүкір, нәсібі шығар.

Тамдыбек Арызбаев Алматыдағы физкультура институтына түсіп, осы оқу орнынан дене шынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығын алып шыққан. Институтта жүргенде спорттың бокс түрімен айналысқан. Оқып жүргенде казакстандық студенттер спартакиадасына және халықаралық біріншілікке қатысып, жүлделі үшінші орындарды алғаны бар. Қырықтың қыркысына шыққанша қолғабын шегеге ілмеген ол бокстан спорт шеберлігіне үміткер. Кезінде 51 келі салмақта екі рет ел чемпионы болған.

Жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін кейіпкеріміз өзі оқыған Крупская атындағы орта мектепке мұғалім болып орналасады. Осында табан аудармай 40 жыл ұстаздық етеді. Сабак бере жүріп спортқа бейім жастарды тәрбиелеп, олардың жолын ашты. Осы кісіден тәлім алған талай жас спортшылар аудан, облыс, республика біріншіліктерінде жүлделі орындардан көрініп, жеңіс туын желбіретті. Арасында халықаралық турнирлерде қолғап түйістіргендері де бар. Бұл жетістіктер оның тынбай ізденісінің, шәкірттерін шаршамай жаттықтыруының арқасы.

Еңбегі ескерусіз емес. Ол – Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Республикасы дене тәрбиесі және спортына сіңірген еңбегі үшін «Құрмет белгісі» медалімен, «Оқу-ағарту саласының ардагері», «Облысқа еңбегі сіңген спорт ардагері» төсбелгілерімен марапатталған. Бокстан жоғары ұлттық дәрежедегі төреші.

Өмірде мамандық және жарды дұрыс тандаған адам – бақытты. Тамдыбек қария – сондай бақытқа ие болған жан. Жүрек қалауына жүгінген ол спортшы болды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі кәсібін тандады. Ол – осы мақсатына жеткен адам.

Ұлағатты ұстаз жарды да жаңылыспай дұрыс тандапты. Өмірлік жары Ырыскүл Бердуановамен бір шаңырақ астында тату-тәтті жұбайлық ғұмыр кешіп келе жатқанына 60 жылдай болыпты. Ширек ғасыр ауылда пошта менгерушісі қызметін атқарған Ырыскүл – байланыс

саласының ардагері. Оның да өз саласы бойынша алған марапаттары жетіп жатыр. Ең бастысы ол – асыл жар, аяулы ана, бүгінде сүйікті әже.

«Адамның бір қызығы – бала деген» Абайдан асырып кім айта алған. Жұбайы екеуі сондай қызықтың да иегерлері. Олардың отбасын «балалы үй – базарға» айналдырған 3 ұл, 3 қызы бар. Бәрі де жүрек қалауымен мамандық игеріп, сол салада қызмет етіп жүр.

Бір қызығы, кейіпкеріміздің отбасын «ұстаздар әулеті» деп айтуға лайық. Әулетте Тамдыбек Арызбайұлынан бастап 6 ұстаз бар. Алматыдағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің жаратылыстану-жағрафия факультетін қызыл дипломмен бітірген қызы Гүлзат – Түркістан облысы Келес ауданында мұғалім, екінші ұл Қалдарбек – ТарМУ-ді бітірген, мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. Үлкен екі ұлы Қалдарбек пен Қалдыбектің үйіндегі келіндер де ұстаз. Оның отбасындағы тағы бір ерекшелік – спортшылар әулеті болуы. Тамдыбек, Қалдарбек, Құралбек және Асылбек – бокстан спорт шеберлігіне үміткер.

– Құдайдың бергеніне шүкір! Балалардың бәрі білімді. Үлкен қызым – Қарағанды медициналық институтын бітірген жоғары санаттағы дәрігер. Гүлзатым – өз жолымды қуған ұстаз. Қалдыбегім – ауыл шаруашылығының маманы, мал дәрігері. Кәмшатым үш оқу орнын бітірген. Бірақ, ол анасының жолын қуып байланыс саласын тандады. Бесағашта пошта менгерушісі. Кенже ұлым да – ауылдағы спорт кешенінде бұқаралық спортты дамытумен айналысып жүрген бас маман, – дейді Тамдыбек қария.

Жүрек қалауына жүгініп мамандық тандап, сол мамандығы бойынша 40 жыл қалтқысыз қызмет атқарған, тамырын тереңге жіберген бәйтеректей жапырағы жайқалып өсіп-өніп отырған Тамдыбек Арызбаев туралы әлі де көп айтыла береді.

Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ



Халықаралық жастар күні ауданымызда кең көлемде аталып өтті. Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» аудан жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, ұлттық және рухани құндылықтарды дәріптеу мақсатында мазмұнды мерекелік іс-шаралар апталығын өткізді.

МЕРЕКЕЛІК АПТАЛЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Апталық жастардың мәдени демалысын ұйымдастыруға арналған «Кино апталығының» ашылуымен басталды. Шара аясында жастардың назарына түрлі мазмұндағы фильмдер ұсынылып, көрермендерге рухани әрі мәдени тұрғыдан пайдалы уақыт өткізуге мүмкіндік жасалды. Екі мәрте кино көрсетілімі ұйымдастырылды.

Айтулы шара шеңберінде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы өтті. Акция барысында «Гүлденген аула» жобасы жүзеге асырылды. Аудан жастары Аса ауылдық округінің қызметкерлерімен Аса ауылының кіреберісін абаттандырды. Жол жиегі арнайы техниканың көмегімен жыртылып, күз мезгілінде гүл көшеттерін отырғызуға дайындық жұмыстары жүргізілді. Бұл бастама ауылдың көркін арттырып қана қоймай, тұрғындар мен ауыл қонақтарына қолайлы әрі эстетикалық орта қалыптастыруға бағытталған.

Жастардың өнерге деген қызығушылығын арттырып, мерекелік көңіл күй сыйлау мақсатында «Жастар Энерджи»

атты концерт өткізілді. Ш.Ниязбеков ауылынан бастау алған мерекелік кеш Айшабибі ауылында жалғасты. Концертте өнер көрсеткен дарынды жастар әсем әндерін әуелетіп, заманауи би билеп, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй тарту етті.

Салауатты өмір салтын насихаттау және жастар арасында зиянды әдеттердің алдын алу мақсатында «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» атты аудандық марафон ұйымдастырылды. Спорттық шараға қатысушылар белсенділік танытып, ұзақ қашықтыққа жүгіріп, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын насихаттады. Марафон жастарды спортпен тұрақты шұғылдануға және денсаулыққа жауапкершілікпен қарауға үндеді.

Апталық барысында қайырымдылыққа да баса мән берілді. Аудандық «Жастар ресурстық орталығының» ұйытқы болуымен көпбалалы отбасылардан шыққан ұл балаларға шаштараз қызметі тегін көрсетілді. Игілікті іс балаларға қуаныш сыйлап қана қоймай, қоғамда мейірімділік, жанашырлық пен өзара қолдау құндылықтарын

қалыптастыруға септігін тигізді.

Халықаралық жастар күні БАҚ өкілдері арасында кіші футболдан турнир, қыздар арасында волейболдан жарыс, «Жастардан жылу» әлеуметтік қайырымдылық акциясы, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында гүл отырғызу жұмыстары, Өрнек ауылында мазмұнды кино көрсетілімі, «Акустикалық кеш» ұйымдастырылды. Осы орайда аудан әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова өңірдің талантты әрі белсенді жастарын арнайы қабылдап, оларға адал еңбектері мен тың бастамалары үшін Алғыс хаттар табыстады.

Жастар – елдің ертені, қоғамның қозғаушы күші. Олардың бастамаларына қолдау көрсетіп, жан-жақты дамуына жағдай жасау – маңызды міндеттердің бірі. Осы бағыттағы жұмыстар апталықпен шектелмей, алдағы уақытта да жалғасады.

Ақмарал ҚАЙСАР,
аудандық «Жастар ресурстық орталығының» жастармен жұмыс жөніндегі маманы.

Меншік иесі:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор:
Айман ТЛЕУКЕЕВА

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың
орынбасары:

Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер-теруші:

Бас редактордың

орынбасары:

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Шұғыла АҚШАБАЙ

Ғалия АЛИЕВА

2-20-24

2-13-44

87059774177

87474240395

87770284244

87075853423

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №KZ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 1998 Тапсырыс №514

Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.